

ҚАУІПТІ ДӘРІЛЕРДІ САУДАЛАУ ҚОҒАМҒА ҚАТЕР



Қазір ауыр есірткі түрлерімен қатар, дәріханалар арқылы таралатын құрамында улы заттары бар дәрі-дәрмектердің көбірек болуы да аса үлкен мәселеге айналды. Қолға оңай түсетіндіктен, жастар арасында мұндай дәрілерді еш қиындықсыз сатып алып, есірткіге әуестенушіліктің арты нашақорлық дертіне әкеліп соғуда.

(Жалғасы 3-бетте)

ШЕТЕЛ МЕН АУЫЛ АРАСЫН ЖАЛҒАҒАН ҒАЛЫМ



Ауыл – қазақтың күрета-мыры. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын кезеңдерінде тоқырауға түскен ауылдарды сақтап қалу үшін талмай еңбек етіп, ел мен жердің береkesін арттырып, халықтың ырысын молайтқан азғантай азаматтардың алдыңғы шебінде Дәулет Шөңке ағамыз да болды.

Ол ауыл шаруашылығын сөзбен емес, ісімен жандандырып жүрген қарапайым ауыл баласы. Институттан алған білімін ғылыммен сәтті ұштастыра білген ғалым Дәулет Избасарұлынан елімізде алғаш мал шаруашылығын көтерудегі атқарған жұмыстары жайлы сұраған едік.

– Дәулет аға, Сіз саналы ғұмырыңызды ауыл шаруашылығын өркендетуге арнапсыз. Осы жол қалай басталып еді?

– Мектептен соң Алматы зоотехникалық, мал дәрігерлік институтына (АЗМИ) оқуға түсіп, оны үздік дипломмен тәмамдап шыққаннан кейін алғашқы еңбек жолымды Талдықорған облысының Гвардия ауданына қарасты Қоғалы совхозында зоотехник-селекционер болып бастап, кейіннен бас зоотехникке дейін көтерілдім.

Одан соң Алматы Зоотехникалық, мал дәрігерлік институтының аспирантурасына түсіп, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты атағын қорғадым.

(Жалғасы 6-бетте)

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

Әлеуметтік желілердің бәрінде дерлік «Тез әрі оңай ақша табуға болады», «2 сағатта 100 000 теңге», «онлайн жұмыс 600-700 мың теңге, қосымша сыйақы» деген жарнамалар қаптап жүр. Оңай олжаның ешқашан адамға опа бермейтінін білсе де осы торға шырмалушылар көп.

Дроппер болып шыға келмеңіз!

Алаяқтарға алданып сан соғып қалудың алдын алу мақсатында Түркістан облысында қазіргі таңда түрлі шаралар өткізілуде. Жуырда Кентау Жастар ресурстық орталығында «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында «Қоғамға қызмет ету» бағыты бойынша мобильді топтың тұрғындармен кездесуі өтті.

Аталған шараға Кентау қаласы әкімінің орынбасары Ақнұр Байболова, Кентау қаласы прокурорының орынбасары Бекжан Балкибеков, Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің офицері Мұхаммедали Нысанбек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Сотқа дейінгі тергеу басқармасының тергеушісі Нұрбақыт Сұлтанов, Түркістан облысы ПД полиция подполковнигі Мұхтар Тұрғынбаев, Кентау қаласы ПБ бастығының бірінші орынбасары Азамат Сәрсенқұлов, Кентау қаласы

прокуроры Олжас Жорабеков, Кентау қаласының нотариусы Ақнұр Айменова, жеке сот орындаушы Есқали Абдирешов және қала тұрғындары қатысты.

Шараға қатысушы мамандар қазіргі таңда елімізде дроп алаяқтарға жастардың алданып, сан соғып жүргеніне қатты алаңдайды. Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметін келтірген мамандар, былтыр Қазақстанда 6 мың 200 дроп-карта ашылғанын анықтаған.

Ал осындай карта арқылы жалпы қаржы айналымы 24 миллиард теңгеге жуықтайды. Өзінің банк картасын немесе жеке шоттарын өзгеге заңсыз мақсатта қолдануға беретін тұлғаларды «дроппер» деп атайды. Мәселен, есірткі саудасы, кибералаяқтық, заңсыз құмар ойындары және басқа да қылмыспен айналысушылар өзге бір адамның картасына не шотына ақша аударады. Сөйтіп, қылмыскерлер өзге адамның картасын пайдаланып көп мөлшерде қаражат жымқырып, көзден ғайып болады. Ал картасын сыйақы үшін берген адам тұтылады. Соңғы кезде 10-нан аса банк картасы бар жеке тұлғалардың есеп-шотына

түскен ақшаға тексеру жұмыстарын жүргізу біршама күшейтілген.

Есірткі тасымалы жас тағдырларды талқандауда

– Қазіргі таңда мектеп оқушысынан бастап, жас та, кәрі де жасай беретін сорақы жұмыстың бірі – есірткі таратушы немесе закладчик. Қара, не ақ орамға оралған бармақтай ғана ұнтақты белгілі бір жерге апарып жасыруыңның құны – 25000 теңге екен. Ал, ол жұмысқа орналасу үшін үш апта оқытылып, арнайы сынақтан өтесіз. Мемлекеттік қызметке жұмысқа тұрған адамның өзі дәл осылай 3 апта сынақтан өтіп, олай тексеріліп, жіті қадағаланбаса керек. Жалпы, есірткі тасымалдаушылар – көбіне әрнеге тез әуестенетін, белгілі бір позиция, принципі жоқтар.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



Қазақ тілінің тағдырына
бәріміз жауаптымыз

4-бет



Сартаев мектебі өміршең

8-бет



Хакердің қолтаңбасы

БІЛІМ

ТАЛАПКЕРЛЕР ӨТІНІШТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ БЕРЕ АЛАДЫ



eGov.kz порталында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін әлдеқайда ыңғайлы болды.

Өтініш беру жүйесіне жаңа функциялар мен сүзгілер қосылып, оқу орнын жылдам таңдауға, қателіктерді болдырмауға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Енді өтініш беру кезінде талапкер жа- тақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады.

Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Қызметті жетілдіру Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білім беру сапасын бағалау орталығының бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды. Ондағы маңызды жаңалықтардың бірі – оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі.

Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған. Әр талапкер өтінішті бір рет қана

бере алады. Бұл ретте төрт түрлі колледжге дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге: eGov.kz порталында авторизациядан өту; «Білім» бөлімінен «Колледждер» санатын таңдау; «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау; барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу; қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растауы керек.

Құжаттарды қабылдау кезең-кезеңімен жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты. Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімімен eGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады. Қызмет көрсету мерзімі – 3-5 жұмыс күніне дейін және оның нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Денсаулық мекені» ЖШС (БСН 200840004499) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Зенков көшесі, 25-үй, 13-пәтер, тел. 87013806201.

6. «СКО Экспорт» ЖШС (БСН 200340011443, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 15-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150000, Петропавл қаласы, Жуков көшесі, 5-үй, 33-пәтер, тел. 87028441919.

7. «Зернотрейд-СКО» ЖШС (БСН 170840012332) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150000, Петропавл қаласы, Георгий Константинович Жуков атындағы көшесі, 5-үй, 33-пәтер, тел. 87028441919.

8. «Нұр-Ай АС» ЖШС (БСН 210740003355) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Бағбандық серіктестік Зачаганский, телім 1151А.

9. «BAGA LTD» ЖШС (БСН 240440010773) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 15-ғимарат, 19-пәтер.

13. «RENT-SERVICE COMPANY» ЖШС (БСН 200740010380) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 183/19 үй, тел. 8777-444-22-10.

14. «Тетра Тек И-Эс, Инк.» корпорациясының Қазақстан Республикасындағы филиалы (БСН 140841003086) өзін есептік тіркеуден шығаруы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 6-ғимарат, 1430-кеңсе, тел. 87010749799.

ӘРТҮРЛІ

10. «Ақдым-1» ЖШС (БСН 990440004526) Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 14 ғимаратында кезектен тыс қатысушылардың жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.Өткізу күні мен уақыты: 04.08.2025ж, сағат 12-00.Күн тәртібі: Күншалған ауылдық округінің шекарасындағы 3 ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі және меншік құқығындағы жер учаскелері бар 37 жылжымайтын мүлік нысанын атқарушылық іс жүргізу шеңберінде ерікті түрде сату.

11. «ПромЭнерго» ЖШС (БСН 090140003482) жарғылық капиталын 790 697 000 (жеті жүз тоқсан миллион алты жүз тоқсан жеті мың) теңгеден 310 000 000 (үш жүз он миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сарайшық көшесі, 11-үй, 7-пәтер, 803-кабинет.

12. Шымкент қаласының азаматтық істер бойынша аудандық соты Мордвинова Юлия Викторовнаның өтінішімен (мекен-жайы: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Майлы қожа көшесі, 209) тарапынан Журавлев Владимир Ивановичті (1983 жылдың 4 мамыры, Ленгер қаласының тұрғысы; соңғы уақыттағы мекенжайы: Ленгер қаласы, Жамбыл көшесі, 34-үй; соңғы жұмыс орны «Л-сот» фирмасы) – хабарыз кеткен деп жариялау туралы азаматтық іс қозғады. В.И. Журавлевтің орналасқан жері туралы ақпараттары бар адамдар болса жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

16. Хабарлама
Түркия Республикасы
Астана
12. Бірінші сатыдағы азаматтық сотының негізі № 2022/277 Е.
Талапкер: Астана губернаторлығы жанындағы Инвестициялар және мониторингті үйлестіру басқармасы
Іс бойынша жауапкер: Джансел Али және басқалар.
Байланыс тұлғасы: Әсем Әлиева, Джансел Алидің өкілі
Сотқа белгілі мекенжайы: Сәтбаев көшесі, № 2 пәтер: 11 Алматы/Қазақстан
Талап мәнінің мазмұны: Экспроприацияны нақтылау
Соттың жоғарыда келтірілген 03/12/2024 ж. 2022/277 мәні бойынша ісіне, мәні бойынша 2024/392 қаулысына сәйкес:
1 - ІСКЕ ҚАБЫЛДАУ
а) Астана провинциясындағы, Сарычам ауданындағы, Сулуджа округіндегі 1608 нөмірлі жылжымайтын мүліктің барлық учаскесіне меншіктік құқық туралы жазбаның күші жоқ, сондай-ақ Астана губернаторлығы жанындағы Инвестициялар және мониторинг жөніндегі үйлестіру басқармасы атынан шыққан ауыртпашылықсыз иелік құқығын растайтын құжаттар тізіліміне ресми түрде тіркеу және тіркелген жылжымайтын мүлікті экспроприациялау үшін 99 474,89 түрік лirasы мөлшерінде төлемәкі көлемін анықтау,
b) Иеліктен шығару бағасын анықтау туралы талап арызды 4 ай ішінде аяқтау мүмкін болмағандықтан; № 2942 Заңның 10-бабына сәйкес 2022 жылғы 30 қарашадан бастап шешім қабылданған күнге дейін анықталған бағалар төлеміне заңды пайыздар қолданылады.
c) Зираат банкінің тиісті филиалына жылжымайтын мүлік иелеріне (қайтыс болған иелердің мұрагерлеріне) олардың жылжымайтын мүліктері үлестіріле барабар 99 474,89 түрік лirasы мөлшерінде экспроприация үшін белгіленген төлемді дереу төлеуге өрнек жазылсын,
d) Соттың шығарған шешімін тіркеу тұрғысында түпкілікті болғандықтан, тіркеу негіздері мұқият үшін Жер кадастры басқармасына тапсырылуы керек,
e) егер жылжымайтын мүлікке келіп және ипотека туралы жазбалар болса, тиісті жазбалар экспроприация шегінде қалуы керек,
Жүргізілген зерттеулерге қарамастан, Джансел Алидің өкілі Қазақстан азаматы Әсем Әлиеваның мекенжайы анықталуы мүмкін болмағандықтан, тіркеу тізілімінде көрсетілген мекенжайы бойынша бұл шешім ресми хабарлама ретінде жіберілуде. Сіз сот шешіміне қатысты шағым түсіруді қаласаңыз, хабарланған күннен бастап екі апта ішінде сотқа жазбаша өтінішпен жіберу арқылы Астана өңірлік сотына хабарлау туралы шешім қабылданды; № 7201 Заңына сәйкес тиісті шешім хабарлама жарияланған күннен бастап 7 күн өткен соң қабылданған болып есептеледі. 26.02.2025.
Кеңсе қызметкері 259012 электрондық қолтаңба Судья 194225 электрондық қолтаңба Бұл құжаттың аудармашы тарапынан Түрікшеден Қазақ тіліне аударылған. 28.02.2025

МҰРАГЕРЛІК

3. 2022 жылдың 19 тамызында қайтыс болған Мәнсүрқызы Ақбибінің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

4. 2013 жылдың 23 қыркүйегінде қайтыс болған Сәдібеков Орынбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

5. 2016 жылдың 3 қаңтарында қайтыс болған Асанбаев Абызбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

15. 2025 жылдың 5 маусымында қайтыс болған азамат Мочалин Сергейдің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мүдделі тараптар мен мұрагерлер нотариус Есимханов Рахим Жан Мұхтарұлына, хабарласуы керек. Мекенжай: Алматы қаласы, Новои көшесі 39, 17 блок, 701 жай. Тел.: +77478755733.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, (8747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.